Приложение № 1
к Публичному договору (оферта)
о продаже товаров, работ и услуг
дистанционным
способом и способом прямых продаж

**Политика конфиденциальности**

Настоящая Политика конфиденциальности (далее – Политика конфиденциальности) является публичным Договором, заключенным между ТОО «Мобильный мир» и Покупателем в соответствии со ст.387 Гражданского кодекса Республики Казахстан, основана на Законе Республики Казахстан «О персональных данных и их защите», действует в отношении информации, содержащей персональные данные Покупателей, которую ТОО «Мобильный мир» может получить о Покупателях во время приобретения товаров и услуг в Торговых точках/Магазинах и/или Интернет-магазине ТОО «Мобильный мир».

1. Определение терминов

1.1. Неличные данные - сведения, которые автоматически передаются в процессе просмотра Покупателем рекламных блоков и при посещении страниц, на которых установлен статистический скрипт системы: адрес запрашиваемой страницы, информацию cookie, IP-адрес, информацию о браузере, реферер (адрес предыдущей страницы), время доступа.

1.2. Сбор персональных данных - действия, направленные на получение персональных данных.

1.3. Защита персональных данных - комплекс мер, в том числе правовых, организационных и технических, осуществляемых в целях, установленных Законом РК «О персональных данных и их защите».

1.4. Сервисы Интернет-сайта – все услуги, доступные для использования на сайте www.ffin.mobi

1.5. Покупатель – пользователь Торговой точки/Магазина, Интернет-магазина.

1.6. Продавец – ТОО «Мобильный мир» (торговая марка Freedom Mobile World), являющееся владельцем Интернет-магазина, БИН 201040033189

---

Тауарлар, жұмыстар мен қызметтерді
қашықтан және тікелей сатылымдар
әдісімен сату туралы
жария шартқа (оферта)
№ 1 Қосымша

**Құпиялылық саясаты**

Осы Құпиялылық саясаты (бұдан әрі – Құпиялылық саясаты) «Мобильный мир» ЖШС мен Сатып алушының арасында Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 387-бабына сәйкес жасалған Жария шарт болып табылады, ол Қазақстан Республикасының «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Заңына негізделген, Сатып алушылар туралы мұндай дербес деректерді «Мобильный мир» ЖШС Сауда орындарында/Дүкендерде және/немесе Интернет-дүкенінде тауарлар мен қызметтерді сату уақытында ала алады.

1. Терминдердің анықтамасы

1.1. Жеке басылық емес деректер - Сатып алушының жарнама блоктарын және оларда жүйенің статистикалық скрипті: сұратылып отырған парақшаның мекенжайы, cookie ақпарат, IP-мекенжай, браузер туралы ақпарат, реферер (алдыңғы парақшаның мекенжайы), қолжетімділік уақыты орнатылған парақшаларды қарауы кезінде автоматты түрде берілетін мәліметтер.

1.2. Дербес деректерді жинау - дербес деректерге қол жеткізуге бағытталған іс-әрекеттер.

1.3. Дербес деректерді қорғау - ҚР «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Заңында белгіленген мақсаттарда жасалатын іс-шаралар, соның ішінде құқықтық, ұйымдық және техникалық іс-шаралар кешені.

1.4. Интернет-сайттың сервистері – www.ffin.mobi сайтындағы пайдалану үшін қолжетімді барлық қызметтер.

1.5. Сатып алушы – Сауда орны/Дүкеннің, Интернет-дүкеннің пайдаланушысы.

1.6. Сатушы – Интернет-дүкеннің иесі болып табылатын «Мобильный мир» ЖШС (FreedomMobileWorld сауда маркасы), БСН 201040033189

| | |
|---|---|
| 1.7. Cookies — это небольшие текстовые файлы, в которые браузер записывает данные с посещенных Покупателями сайтов. Cookies исполняют целый ряд функций, например, позволяют Покупателю эффективно перемещаться между страницами, запоминая его предпочтения, и, таким образом, улучшает опыт взаимодействия с Интернет-сайтом. Они также могут способствовать тому, что реклама, которую видит Покупатель онлайн, соответствует его интересам. Если не использовать cookies, то невозможно будет купить товар в Интернет-магазине, так как вся работа корзины построена на сохранении данных с этих файлов. К примеру, если Покупатель выберет товар в Интернет-магазине, положит его в корзину и перейдет на новую страницу, то этот товар не сохранится в корзине. | 1.7. Cookies — бұл кішігірім мәтіндік файлдар, оларға браузер Сатып алушылар кірген сайттардан алынған деректерді жазып алады. Cookies бірқатар функцияларды атқарады, мысалы, Сатып алушның қалауын жадына сақтай отырып, оның папақшалар арасында бірінен-біріне өтуіне көмектеседі және осылайша Интернет-сайтпен өзара арақатынас тәжірибесін жақсартады. Сондай-ақ олар Сатып алушының онлайн түрде көріп отырған жарнамасының оның мүдделеріне сәйкес келуіне ықпал етеді. Cookies-ті пайдаланбайтын жағдайда, Интернет-дүкеннен тауар сатып алу мүмкін болмайды, себебі кәрзеңкенің тұтастай жұмысы осы файлдардан алынған деректерді сақтауға негізделген. Мысалы, Сатып алушы Интернет-дүкеннен тауарды таңдап, оны кәрзеңкеге салып және жаңа парақшаға өтіп кететін болса, онда бұл тауар кәрзеңкеде сақталмайды. |
| 1.8. IP-адрес — уникальный сетевой адрес узла в компьютерной сети, построенной по протоколу IP, позволяющий определить местонахождение Покупателя. Интернет-магазин не отслеживает местоположение, подробнее чем город и область. | 1.8. IP-мекенжай — IP хаттамасы бойынша құрылған, компьютер желісі торабының бірегей желілік мекенжайы, ол Сатып алушының орналасқан жерін анықтауға көмектеседі. Интернет-дүкен қала мен облыстан басқа орналасқан мекенжайды қадағаламайды. |
| 1.9. Биометрические данные - персональные данные, которые характеризуют физиологические и биологические особенности субъекта персональных данных, на основе которых можно установить его личность;<br>1.10. Уничтожение персональных данных - действия, в результате совершения которых невозможно восстановить персональные данные;<br>1.11. Обезличивание персональных данных - действия, в результате совершения которых определение принадлежности персональных данных субъекту персональных данных невозможно;<br>2. Предмет политики конфиденциальности<br>2.1. Настоящая Политика конфиденциальности устанавливает обязательства Продавца по неразглашению и обеспечению режима защиты, конфиденциальности персональных данных, которые Покупатель предоставляет по запросу Продавца при регистрации на сайте | 1.9. Биометриялық деректер - дербес деректер субъектісінің солардың негізінде оның жеке басын анықтауға болатын физиологиялық және биологиялық ерекшеліктерін сипаттайтын дербес деректер;<br>1.10.Дербес деректерді жою - сол әрекеттерді жасаудың нәтижесінде дербес деректерді қалпына келтіру мүмкін болмайтын іс-әрекеттер;<br>1.11.Дербес деректерді иесіздендіру - сол әрекеттерді жасаудың нәтижесінде дербес деректердің дербес деректер субъектісіне тиесілі екендігін анықтау мүмкін болмайтын іс-әрекеттер;<br>2. Құпиялылық саясатының мәні<br>2.1. Осы Құпиялылық саясаты Сатушының Интернет-дүкеннің сайтында тіркеу және/немесе тауар сатып алу үшін тапсырысты ресімдеу барысында оның сұратуы бойынша Сатып алушы ұсынатын дербес деректерді жарияламау және олардың құпиялылығы мен қорғалуын қамтамасыз ету бойынша міндеттемелерін белгілейді. |

| | |
|---|---|
| Интернет-магазина и/или при оформлении заказа для приобретения товара. | |
| 2.2. Персональные данные, разрешённые к обработке в рамках настоящей Политики конфиденциальности, предоставляются Покупателем путём заполнения регистрационной формы на сайте Интернет-магазина и посредством совершения действий подтверждающих намерения совершения сделки по купле-продаже. | 2.2. Осы Құпиялылық саясатының аясында өңдеуге рұқсат берілген деректерді Сатып алушы Интернет-дүкеннің сайтында тіркеу үлгісін толтыру арқылы және сатып алу-сату жөніндегі мәмілені жасау ниетін растайтын іс-әрекеттер жасау арқылы ұсынады. |
| 2.3. Любая иная персональная информация (история покупок, используемые браузеры и операционные системы и т.д.) также подлежит надежному хранению и нераспространению, за исключением случаев, предусмотренных в п.5.3. и п.5.4. настоящей Политики конфиденциальности. | 2.3. Осы Құпиялылық саясатының 5.3-т. және 5.4-т. қарастырылған жағдайларды қоспағанда, кез келген өзге де дербес ақпарат (жасалған сауданың тарихы, қолданылатын браузерлер мен операциялық жүйелер және т.б.) сенімді түрде сақталуы және жарияланбауы тиіс. |
| 3. Цели сбора и обработки персональных данных Покупателей | 3. Сатып алушылардың дербес деректерін жинау мен өңдеудің мақсаттары |
| 3.1. Продавец собирает, обрабатывает и хранит только те персональные данные, которые необходимы для предоставления Сервисов и/или приобретения Покупателем Товара из каталога Интернет-магазина и /или в Торговой точке, а также предоставления иных сопутствующих услуг партнерами Продавца (предоставление кредитов/рассрочки для приобретения Товара , страховых услуг и т.п.). | 3.1. Сатушы Сервистер ұсыну және/немесе Сатып алушының Интернет-дүкен каталогынан және/немесе Сауда орнынан Тауар сатып алуы үшін, сонымен бірге Сатушы серіктестерінің басқа да ілеспе қызметтер (Тауар, сақтандыру қызметтерін және т.б. сатып алу үшін кредиттер беру/бөліп төлеу мүмкіндігін ұсыну) көрсету үшін қажетті дербес деректерді ғана өңдейді және сақтайды. |
| 3.2. Персональные данные Покупателя Продавец использует в целях, указанных в Публичном договоре, включая: | 3.2. Сатып алушының дербес деректерін Сатушы төмендегілерді қоса алғанда, Жария шартта көрсетілген мақсаттар үшін қолданады: |
| 3.2.1. идентификация Покупателя для оформления заказа и/или заключения Договора купли-продажи товара; | 3.2.1. тапсырысты ресімдеу және/немесе Тауар сатып алу-сату шартын жасау үшін Сатып алушыны сәйкестендіру; |
| 3.2.2. обработка и получение от Покупателя платежей; | 3.2.2. Сатып алушыдан төлемдерді алу және өңдеу; |
| 3.2.3. доставка Покупателю товара; | 3.2.3. Сатып алушыға тауарды жеткізіп беру; |
| 3.2.4. предоставление Покупателю эффективной клиентской поддержки; | 3.2.4. Сатып алушыға тиімді клиенттік қолдау көрсету; |
| 3.2.5. предоставление Покупателю персонализированных Сервисов; | 3.2.5. Сатып алушыға дербестендірілген Сервистер ұсыну; |
| 3.2.6. связи с Покупателем, в том числе направление уведомлений, запросов и информации, касающихся использования Сервисов, оказания услуг, а также обработки запросов и заявок от Покупателя; | 3.2.6. Сатып алушымен байланыс жасау, соның ішінде Сервистерге, қызметтер көрсетуге, сонымен бірге Сатып алушыдан келіп түскен сұратулар мен өтінімдерді өңдеуге қатысты хабарламалар, сұратулар мен ақпарат жіберу; |
| 3.2.7. улучшения качества Сервисов, удобства их использования, разработка новых Сервисов и услуг; | 3.2.7. Сервистер сапасын жақсарту, оларды қолдануды тиімді ету, жаңа Сервистер мен қызметтер әзірлеу; |

| | |
|---|---|
| 3.2.8. информирования Покупателя о проводимых мероприятиях и акциях;<br>3.2.9. проведения статистических и иных исследований на основе неличных данных, а также оптимизации рекламных сообщений;<br>3.2.10. возможности реализации Товара Покупателям в кредит или рассрочку. | 3.2.8. Сатып алушыға өткізілетін іс-шаралар мен науқандар туралы хабарлау;<br>3.2.9. жеке басылық емес деректер негізінде, сондай-ақ жарнамалық хабарларды оңтайландыру арқылы статистикалық және басқа да зерттеулер жүргізу;<br>3.2.10. Сатып алушыларға Тауарды кредитке немесе бөліп төлеу арқылы өткізу мүмкіндігі. |
| 4. Права и обязанности сторон<br>4.1. Покупатель обязан:<br>4.1.1. предоставлять информацию о персональных данных, необходимую для пользования Интернет-магазином и совершения сделки купли-продажи;<br>4.1.2. изменять, дополнять предоставленную информацию в случае обнаружения некорректных данных при пользовании Интернет-магазином.<br>4.2. Покупатель имеет право:<br>4.2.1. на доступ и редактирование информации о персональных данных в любое время через веб-интерфейс, предоставляемый в рамках сервисов.<br>4.2.2. на отзыв полностью или частично ранее предоставленного согласия на использование, хранение, обработку персональных данных.<br>4.3. Продавец обязан:<br>4.3.1. использовать полученную информацию исключительно для целей, указанных в Публичном договоре и разделе 3 настоящей Политики конфиденциальности;<br>4.3.2. обеспечить хранение конфиденциальной информации в тайне, не разглашать без предварительного письменного разрешения Покупателя переданных персональных данных, за исключением передачи данных в целях выполнения заказа Покупателя (курьерским службам, организациям почтовой связи и т.п.), сотрудничества с контрагентами Продавца в рамках заключенных договоров (банками при реализации Товара Покупателям в кредит или рассрочку и т.п.), а также уполномоченным государственным органам Республики Казахстан в порядке, установленным законодательством РК;<br>4.3.3. принимать меры предосторожности для защиты конфиденциальности персональных данных Покупателя согласно порядку, обычно используемого для защиты такого рода информации. | 4. Тараптардың құқықтары мен міндеттері<br>4.1. Сатып алушы:<br>4.1.1. Интернет-дүкенді пайдалану және сатып алу-сату мәмілесін жасауға қажетті дербес деректер туралы ақпаратты ұсынуға;<br>4.1.2. Интернет-дүкенді пайдалану кезінде дұрыс емес деректер анықталатын жағдайда, ұсынылған ақпаратты өзгерту, толықтыруға міндетті.<br>4.2. Сатып алушы:<br>4.2.1. сервистер аясында ұсынылатын веб-интерфейс арқылы кез келген уақытта дербес деректер туралы ақпаратқа қолжетімділік алу және оны редакциялауға.<br>4.2.2. дербес деректерді пайдалану, сақтау, өңдеу туралы бұрын берілген келісімді толығымен немесе ішінара кері қайтарып алуға құқылы.<br>4.3. Сатушы:<br>4.3.1. алынған ақпаратты тек Жария шартта және осы Құпиялылық саясатының 3-бөлімінде көрсетілген мақсаттарда ғана қолдануға;<br>4.3.2. құпия ақпараттың құпия түрде сақталуын қамтамасыз ету, деректерді Сатып алушының тапсырысын орындау мақсатында беруді (курьерлік қызметтерге, пошта байланысы ұйымдарына және т.б.), жасалған шарттардың аясында Сатушының контрагенттерімен (Тауарды Сатып алушыларға кредитке немесе бөліп төлеу арқылы өткізу жағдайында банктермен) ынтымақтастығын, сондай-ақ ҚР заңнамасында белгіленген тәртіпте Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органдарына беру жағдайларын қоспағанда, ұсынылған деректерді Сатып алушының алдын ала жазбаша келісімінсіз жарияламауға;<br>4.3.3. әдетте осындай ақпаратты қорғау үшін қолданылатын тәртіпке сәйкес Сатып алушы дербес деректерінің құпиялылығын қорғау үшін сақтық шараларын қолдануға міндетті. |

| | |
|---|---|
| 4.4. Продавец имеет право: | 4.4. Сатушы: |
| 4.4.1. предоставлять доступ для сбора и анализа неличных данных Покупателей третьим лицам для целей статистики и оптимизации рекламных сообщений. Использование неличных данных третьими лицами регулируется их собственными политиками конфиденциальности, и Интернет-магазин не несет ответственности за их использование; | 4.4.1. статистика жүргізу және жарнама хабарларын оңтайландыру мақсатында үшінші тұлғаларға Сатып алушылардың жеке басылық емес деректерін жинауы мен талдауы үшін қолжетімділік беруге; |
| 4.4.2. передавать персональные данные Покупателей контрагентам Продавца, оказывающим услуги, непосредственно связанные с реализацией Товара (курьерским службам, организациям почтовой связи, банкам при реализации Товара Покупателям в кредит или рассрочку и т.п.). | 4.4.2. Сатып алушылардың дербес деректерін Сатушының тікелей Тауарды өткізумен байланысты қызметтер көрсететін контрагенттеріне (курьерлік қызметтерге, пошта байланысы ұйымдарына, Тауарды Сатып алушыларға кредитке немесе бөліп төлеу арқылы өткізу жағдайында банктерге) беруге құқылы. |
| 5. Прочие условия | 5. Басқа да жағдайлар |
| 5.1. Пользование Покупателем Интернет-магазином и совершение сделки купли-продажи означает его согласие с настоящей Политикой конфиденциальности и условиями обработки персональных данных Покупателя, а также согласие с использованием персональных данных в случае покупки Товара в кредит или в рассрочку в Торговых точках или за наличный расчет. | 5.1. Сатып алушының Интернет-дүкенді қолдануы және сатып алу-сату мәмілесін жасауы оның осы Құпиялылық саясатымен және Сатып алушының дербес деректерін өңдеу шарттарымен келісетіндігін, сондай-ақ Сауда орындарында Тауарды кредитке немесе бөліп төлеу арқылы немесе қолма-қол ақшаға сатып алу жағдайында дербес деректерді қолдануға өзінің келісімін беретіндігін білдіреді. |
| 5.2. В случае несогласия с условиями Политики конфиденциальности Покупатель должен прекратить пользование Интернет-магазином или письменно сообщить Продавцу об отказе в предоставлении своих персональных данных после их предоставления. | 5.2. Құпиялылық саясатымен келіспейтін жағдайда, Сатып алушы Интернет-дүкенді пайдалануды тоқтатуы тиіс немесе өзінің дербес деректері беріліп қойғаннан кейін Сатушыға өзінің дербес деректерін ұсынудан бас тартатындығы туралы хабарлауы керек. |
| 5.3. Настоящая Политика конфиденциальности применяется к деятельности ТОО «Мобильный мир» и его Партнеров, услуги которых получает Покупатель. | 5.3. Осы Құпиялылық саясаты Сатып алушы олардың қызметтерін пайдаланатын «Мобильный мир» ЖШС мен оның Серіктестерінің қызметінде қолданылады. |
| 5.4. Продавец, в силу специфики способа получения информации, не проверяет достоверность предоставленных Покупателем персональных данных и не осуществляет контроль их актуальности. Однако, Продавец исходит из того, что Покупатель предоставляет достоверные персональные данные и поддерживает эти данные в актуальном состоянии. Всю ответственность, а также возможные последствия за предоставление недостоверных или не актуальных персональных данных несёт Покупатель. | 5.4. Ақпарат алу әдісінің спецификасына байланысты Сатушы Сатып алушының берген дербес деректерінің шынайылығын тексермейді және олардың жарамдылығына қатысты бақылау жүргізбейді. Алайда, Сатушы Сатып алушының берген дербес деректерін дұрыс деп есептейді және бұл деректерді қолданыстағы жарамды деректер ретінде сақтайды. Тұтастай жауапкершілік, сонымен қатар дұрыс емес немесе жарамсыз дербес деректердің ұсынылғандығы себебінен орын алатын барлық ытимал салдарлар Сатып алушыға жүктеледі. |

| | |
|---|---|
| 5.5. Отключение Cookies может повлечь невозможность доступа к частям сайта Интернет-магазина, требующим авторизации. | 5.5. Cookies-ті өшіріп тастау Интернет-дүкен сайтының авторизациялауды талап ететін бөліктеріне қолжетімділік алу мүмкіндігін жоюы мүмкін. |
| 5.6. Интернет-магазин осуществляет сбор статистики об IP-адресах своих Покупателей. Данная информация используется с целью выявления и решения технических проблем, для контроля законности проводимых финансовых платежей. | 5.6. Интернет-дүкен өзінің Сатып алушыларының IP-мекенжайлары туралы статистика жинайды. Бұл ақпарат техникалық проблемаларды анықтау және шешу мақсатында, жүргізілетін қаржылық төлемдердің заңдылығын бақылау үшін қолданылады. |
| 5.7. К настоящей Политике конфиденциальности и отношениям между Покупателем и Продавцом применяется действующее законодательство Республики Казахстан. | 5.7. Осы Құпиялылық саясатына және Сатып алушы мен Сатушы арасындағы қарым-қатынастарға қатысты Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы қолданылады. |
| 5.8. Продавец оставляет за собой право на одностороннее изменение настоящей Политики конфиденциальности для дальнейшего совершенствования системы безопасности в соответствии с действующим законодательством РК. | 5.8. ҚР қолданыстағы заңнамасына сәйкес алдағы уақытта да қауіпсіздік жүйесін жетілдіру үшін Сатушы осы Құпиялылық саясатын біржақты тәртіпте өзгертуге құқылы болады. |
| 5.9. Все предложения или вопросы по поводу настоящей Политики конфиденциальности следует сообщать на электронный адрес Продавца support@ffin.mobi | 5.9. Осы Құпиялылық саясатына қатысты барлық ұсыныстар немесе сұрақтарды Сатушының support@ffin.mobi электронды мекенжайына хабарлау қажет . |